

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 қыркүйек N 1359. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 702 ~P020702 қаулысымен.

Қазақстанда мұнай-газ саласын тиімді дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . Б е к і т і л с і н :

1) "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Қазақойл" компаниясы) дамуының 1998-2003 жылдарға арналған орта мерзімді стратегиялық жоспары" (1 қосымшаға сәйкес)

2) "Қазақойл" ҰМК 1999-2001 жылдарға арналған индикативті жоспары" (2 Қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с)

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі Агенттігі (Құзыретті ұйым) "Қазақойл" компаниясына көмірсутекті кен орындарын игеру бойынша барлық жаңа жобаларға қатысудан 25-%-тен кем емес үлес беру мақсатындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметіне бір ай уақыт і ш і н д е ұ с ы н с ы н .

3. "Қазақстан Республикасындағы сатып алуды өтеуге жататын займ

туралы Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде келіссөздер жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 наурыздағы N 276

P980276_

қаулысының күші жойылған деп есептелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК